ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУШІ ПАЙДАСЫНА ТӨЛЕМДЕР ҚАБЫЛДАУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖАРИЯ ШАРТЫ

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ Басқармасымен бекітілген (16.10.2026 ж. № 119 хаттама)
16.11.2026 ж. күшіне енген өзгерістермен және толықтырулармен
«Фридом Банк Қазақстан» АҚ Басқармасымен бекітілген (06.11.2026 ж. № 127 хаттама)
16.11.2026 ж. күшіне енген өзгерістермен және толықтырулармен

«Фридом Банк Қазақстан» акционерлік қоғамы, бұдан әрі – «Банк» деп аталып, осы Төлемдерді қабылдау бойынша қызмет көрсету жария шартымен (бұдан әрі – «Шарт») Банктің заңды тұлғаға, дара кәсіпкерге, жеке нотариусқа, жеке сот орындаушысына, адвокатқа, кәсіби медиаторға, шаруа (фермер) қожалығына (бұдан әрі – «Қызмет көрсетуші») банктік қызметтер көрсетуінің стандартты талаптары мен тәртібін айқындайды. Осы Шарт Банктің Қызмет көрсетуші пайдасына жеке тұлғалардан төлемдерді қабылдау қызметтерін көрсетуі тәртібін, сондай-ақ Банк пен Қызмет көрсетуші арасындағы құқықтық қатынастардың құқықтары мен міндеттерін, жауапкершілігін және өзге де ерекшеліктерін белгілейді.

Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының ережесіне сәйкес жасалатын қосылу шарты болып табылады, оның талаптары барлық клиенттер үшін бірдей және Қызмет көрсетуші Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, осы Шартқа 1-қосымшаға сәйкес Банк белгілеген нысан бойынша осы Шартқа қосылу туралы өтініш (бұдан әрі – «Қосылу туралы өтініш») және/немесе Қызмет көрсетуші Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, сондай-ақ Банктің www.bankffin.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған «Фридом Банк Қазақстан» АҚ операцияларды жүргізудің жалпы талаптары туралы қағидаларында тиісінше ресімдеп, қол қойған Банк белгілеген нысандар бойынша жасалған өзге де тиісті өтініштер негізінде Шартқа қол қойылған күнгі жағдай бойынша Банктің www.bankffin.kz интернет-ресурсында орналастырылған редакцияда осы Шартқа тұтастай қосылу арқылы қабылдауы мүмкін.

Қызмет көрсетуші пайдасына жеке тұлғалардан төлемдерді қабылдау бойынша Банк көрсететін қызметтер шеңберінде Банк Қызмет көрсетушіден қабылдаған барлық қосымша, өтініш Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Қызмет көрсетушінің осы Шартқа қосылу туралы тиісінше толтырған және қол қойған өтінішті ұсынуы оның осы Шарттың талаптарымен танысып шыққанын және олармен толық келісетінін, сондай-ақ Қызмет көрсетушінің Шартқа тұтастай қосылғанын білдіреді.

Қызмет көрсетушінің осы Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қоюы келесіні куәландырады:
- Қызмет көрсетуші Шартты толық көлемде, ешқандай ескертулер мен қарсылықсыз оқып шықты, түсінді және қабылдады;
- Шартта Қызмет көрсетушінің ақылға қонымды түсінілетін мүдделерін негізге ала отырып, ол қабылдамайтын, Клиент үшін қандай да бір ауыртпалық түсіретін талаптар жоқ;
- Егер Банкте Қызмет көрсетуші қол қойған осы Шартқа қосылу туралы өтініш болса, Қызмет көрсетуші Шартта өзінің қолының жоқтығын Шартты оқып шықпағанының/түсінбегенінің/қабылдамағанының дәлелі ретінде алға тартуға құқылы емес;
- Қызмет көрсетуші Шартта көзделген Қызмет көрсетушінің пайдасына жеке тұлғалардан төлемдерді қабылдау бойынша қызмет көрсетудің барлық талабымен келіседі.
- Шарттың барлық ережесі Қызмет көрсетушінің мүдделері мен ерік білдіруіне толық сәйкес келеді;
- Қызмет көрсетуші Шартты жасасу, сондай-ақ Банкте ағымдағы шот ашу үшін қажетті барлық рәсімді сақтаған;
- Шарт жасасу және оның талаптарын орындау Қызмет көрсетушінің құрылтай және өзге құжаттарын және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасының кез келген ережесін және

(немесе) Қызмет көрсетушіге қолданылатын заңнаманы бұзбайды әрі олардың бұзылуына әкеп соқпайды.

Осы Шартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:
ҚРҰБ Антифрод-орталығының дерекқоры – оқыс-оқиға қоры – алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары туралы және заңсыз деп танылатын және (немесе) тыйым салынған өзге де төлем транзакциялары туралы деректерді қамтитын, транзакциялық алаяқтыққа немесе заңсыз деп танылатын және (немесе) тыйым салынған өзге де төлем транзакцияларына негізді түрде күдік келтірілген жеке және заңды тұлғаларға қатысты қатысушылардан алынған хабарламалар негізінде қалыптастырылатын, оның ішінде қылмыстық қудалау органдарының тергеп-тексерулер жүргізгені туралы деректерді, олардың күдікті тұлғаларға қатысты қабылдаған шешімдерін, оқыс-оқиғаны тергеп-тексеру және тексеру шеңберінде алынған өзге де материалдарды қамтитын тізбе;
БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
Тыйым салынған тауар (қызметтер) – Қызмет көрсетуші іске асыратын және/немесе оның қызметіне байланысты, өткізуіне тыйым салынған немесе шектеу қойылған, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта белгіленген талаптарды бұза отырып өткізілетін тауар, қызметтер, жұмыстар, оның ішінде: Қызмет көрсетушінің қару-жарақты, атыс қаруын және жарылғыш заттар мен бұйымдарды; есірткі, психотроптық, улы, күйдіргіш және радиоактивті заттар мен бұйымдарды; адамның ағзалары мен тіндерін өткізуіне байланысты тауар, қызметтер, жұмыстар; алкоголь және темекі өнімдері (Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының тиісті рұқсатынсыз); құмар ойындарды ұйымдастыру және өткізу қызметтері (Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының тиісті рұқсатынсыз); сексуалдық сипаттағы қызметтер, сондай-ақ жалпыға бірдей қабылданған мораль мен адамгершілік нормаларына қайшы келетін тауар, қызметтер, жұмыстар; Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе Шартқа сәйкес айналымына тыйым салынған немесе шектеу қойылған өзге де тауар, қызметтер, жұмыстар;
ЖСК (Шот) - Қызмет көрсетушінің басқа екінші деңгейдегі банкте немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда ашылған банктік шотының нөмірі болып табылатын Қызмет көрсетушінің жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
АХҚО – «Астана» халықаралық қаржы орталығы;
алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясы – клиенттің ақшасын алдау немесе сенімін теріс пайдалану арқылы ұрлауға бағытталған үшінші тұлғалардың әрекеттері нәтижесінде жүзеге асырылған төлем және (немесе) ақша аударымы (соның ішінде осындай төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру әрекеті, сондай-ақ орындалу процесіндегі төлем және (немесе) ақша аударымы);
КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ - қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл;
құқыққа қайшы оқыс-оқиғалар – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес заңсыз деп танылатын және (немесе) тыйым салынған, Қағидалар шеңберінде есірткі құралдарын заңсыз өндірумен, айналымға шығарумен және (немесе) транзитімен, қаржы пирамидаларының қызметін ұйымдастырумен, электрондық казино мен интернет-казиноның пайдасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиялары жоқ шетелдік букмекерлік кеңселер мен (немесе) тотализаторлардың пайдасына төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырумен байланысты белгілері бар төлем транзакциялары жататын төлем транзакциялары;
БҰҰ ҚК – Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі;
Тарифтер - Банк көрсететін банктік қызметтер үшін Банк бекіткен, олар көрсетілетін күні қолданыста болатын және Банктің www.bankffin.kz мекенжайы бойынша ресми интернет-ресурсында орналастырылған комиссиялық сыйақы мөлшері;

Транзиттік шот – Шарттың мақсаттары үшін осы Шарттың талаптарына сәйкес жеке тұлғалардан ақша қабылданып, кейіннен Қызмет көрсетушінің пайдасына аударылатын Банктің шоты;
Аты-жөні – тегі, аты, әкесінің аты;
ECFR (European Council on Foreign Relations) - Халықаралық қатынастар жөніндегі Еуропалық кеңес;
FATF (Financial Action Task Force) – Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржы шараларын әзірлеу тобы (FATF);
OFAC (Office of Foreign Assets Control) - Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (OFAC);
OFSI (Office of Financial Sanctions Implementation) - Қаржылық санкцияларды іске асыру басқармасы (OFSI).

1. Шарттың мәні

1.1. Банк жеке тұлғалардан ақшаны қолма-қол ақшалай және/немесе қолма-қол ақшасыз төлем түрінде қабылдайды, оларды Банктегі транзиттік шотқа есептейді және Қызмет көрсетушінің басқа екінші деңгейдегі банкте ашылған ағымдағы шотына аударады. Төлемді жүзеге асырған кезде жеке тұлғалар оның мақсатын көрсетеді. Банк қабылдаған төлемдерді Қызмет көрсетушінің пайдасына аудару кезеңділігін Қызмет көрсетуші Шарттың №1 қосымшасына сәйкес Қосылу туралы өтініште айқындайды.
1.2. Жеке тұлғадан қолма-қол ақшалай және/немесе қолма-қол ақшасыз тәсілмен ақша қабылдау жеке тұлға ұсынған мәліметтер негізінде, Қызмет көрсетуші Қосылу туралы өтініште айқындаған төлемді қабылдау нысанына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Банктік қызметтер көрсету тәртібі

2.1. Қызмет көрсетуші Банктің Қызмет көрсетушінің осы Шартқа қосылу туралы өтінішін қабылдаған сәттен бастап жеке тұлғалардан түсетін төлемдер бойынша бенефициар болып табылады.
2.2. Қызмет көрсетуші Банк қабылдаған төлемдерді аударуға арналған Қызмет көрсетушінің ЖСК (Шотын) осы Шартқа қосылу туралы өтініште көрсетеді.
2.3. Банк осы Шарт бойынша көрсетілген қызметтердің комиссиясын операция жасалған күні қолданыста болатын Банктің Тарифтеріне сәйкес Қызмет көрсетушінің пайдасына жеке тұлға енгізген төлем сомасынан ұстап қалады. Төлем Банктің пайдасына тиесілі комиссия сомасы шегерілгеннен кейін Қызмет көрсетушінің пайдасына түседі.
2.4. Банктің жеке тұлғалардан қолма-қол және/немесе қолма-қол ақшасыз тәсілмен ақша қабылдау және оны Қызмет көрсетушінің пайдасына аудару бойынша қызметтеріне ақы төлеу Банктің www.bankffin.kz мекенжайы бойынша ресми интернет-ресурсында орналастырылған және төлем жасалған күні қолданыста болатын Банктің тарифтеріне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Клиент міндеттенеді:
3.1.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын, соның ішінде ҚЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ саласындағы және АҚШ-тың, Еуропалық Одақтың, Ұлыбританияның, БҰҰ-ның халықаралық экономикалық санкциялары саласындағы талаптарды сақтауға;
3.1.2. Қызмет көрсетуші мен Банк арасында жасалған шарт бойынша құқықтар мен міндеттемелерді үшінші тұлғаларға, сондай-ақ АҚШ, Еуропалық Одақ, Ұлыбритания, БҰҰ халықаралық экономикалық санкцияларының талаптары/әрекеттері қолданылатын және/немесе олардың ықпалына түсетін үшінші тұлғаларға бермеуге;
3.1.3. АҚШ, Еуропалық Одақ, Ұлыбритания, БҰҰ-ның халықаралық экономикалық санкциялары бойынша санкциялық бағдарламалар қолданылатын шетел мемлекеттерінің аумағында және/немесе солардың пайдасына тауарларды өткізбеуге/қызметтер көрсетпеуге және/немесе АҚШ, Еуропалық Одақ, Ұлыбритания, БҰҰ-ның толық бұғаттаушы санкциялары қолданылатын жеке/заңды тұлғаларға тауарларды өткізбеуге/қызметтер көрсетпеуге;

3.1.4. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, АХҚО контрагенттерін тіркеуге сәйкес Қазақстан Республикасында тыйым салынған қызмет түрлері/ көрсетілетін қызметтер бойынша контрагенттермен/ әріптестермен/клиенттермен және өзге үшінші тұлғалармен іскерлік қатынастар орнатпауға, сондай-ақ жүзеге асыру үшін лицензия алу талап етілетін тыйым салынған қызметтер бойынша операциялар жүргізбеуге, сондай-ақ гемблинг (gambling), ойын бизнесі, беттинг (betting), цифрлық активтерді, криптовалютаны (crypto) сатып алу/сату/ айырбастау бойынша, соның ішінде қызметі террористік немесе экстремистік қызметті қаржыландыруға және терроризмге немесе экстремизмге өзге сыбайластыққа бағытталған; заңсыз, құқыққа қарсы, қылмыстық қызметті жүзеге асырумен; химиялық, биологиялық және ядролық қаруға және олардың компоненттеріне жататын заттарды, әскери мақсаттағы заттар мен дәрі-дәрмектерді сатып алу-сату, тасымалдау, дайындау, сақтау және өткізу; тек қана дәрілік препараттарды ғана емес, сонымен қатар уытты және күшті әсер ететін басқа да синтетикалық және табиғи заттарды қамтитын заттарды, есірткі заттарын дайындау және өткізу бойынша операцияларды жүзеге асырмауға;
3.1.5. іскерлік қатынастар орнатқан жеке тұлғаларға Банкке қызмет көрсету арналары арқылы Қызмет көрсетушінің пайдасына төлемдер жасау мүмкіндігі туралы хабарлауға;
3.1.6. Банктің төлемдерді дұрыс орындауын тексеруге және осы Шарт шеңберінде төлемдердің орындалуындағы қандай да бір дәлсіздіктерді және/немесе тиісінше орындалмауын, сондай-ақ Банктен қате алынған сомаларды анықтаған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Банкке хабарлауға;
3.1.7. Клиенттің Шотына қате есепке жатқызылған ақшаны дереу және толық көлемде Банкке қайтаруға;
3.1.8. құрылтай құжаттарына өзгерістер/толықтырулар енгізілген, орналасқан жері, заңды мекенжайы, телефон, факс нөмірлері, Қызмет көрсетушінің уәкілетті тұлғаларының телефон нөмірлері өзгерген, сондай-ақ осы Шарттың талаптарын орындау үшін маңызы бар өзге өзгерістер орын алған жағдайда, осындай өзгерістер енгізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес ресімделген, аталған өзгерістерді растайтын құжаттарды ұсына отырып бұл туралы Банкке жазбаша хабарлауға;
3.1.9. Тарифтердің өзгергені, осы Шарт талаптарының өзгертілгені және толықтырылғаны туралы Банктің www.bankffin.kz мекенжайы бойынша Интернет-ресурсынан, сондай-ақ Банк үй-жайларында (операциялық бөлімшелерде) Клиенттің танысуына қолжетімді жерде өз бетінше ақпарат алуға;
3.1.8. Банк сұратқан жағдайда, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын Банктің орындауы үшін қажетті кез келген растайтын құжаттарды, мәліметтер мен ақпаратты сұрау салу келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банкке ұсынуға.

3.2. Қызмет көрсетуші құқылы:

3.2.1. Банктен жеке тұлғалардан төлем қабылдау бойынша жүргізілген операциялар туралы мәліметтер алуға.

3.3. Банк міндетті:

3.3.1. Осы Шартқа және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жеке тұлғалардан қолма-қол ақшалай және қолма-қол ақшасыз төлемдер түрінде ақша қабылдауды жүзеге асыруға;
3.3.2. Қазақстан Республикасы КЖ/ТҚҚ/ЖҚҚТҚ саласындағы заңнамасының, Халықаралық экономикалық санкциялардың, Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауды ескере отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке тұлғалардан Қызмет көрсетушінің пайдасына оның екінші деңгейдегі басқа банктегі ЖСК-на (Шотына) қабылданған ақшаны аударуды жүзеге асыруға;
3.3.3. Банк қызметтері үшін алынатын Банк тарифтеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы Қызмет көрсетушіге аталған өзгерістер қолданысқа енгізілетін күннен бір ай

бұрын тиісті хабарламаны Банктің www.bankffin.kz мекенжайы бойынша ресми Интернет-ресурсында орналастыру арқылы хабарлауға немесе жаңа Тарифтер туралы байланыс құралдары арналары бойынша олар бекітілген күні жазбаша хабарлама жіберуге.

3.4. Банк құқылы:

3.4.1. жеке тұлғалардан түскен ақшаны қабылдаудың қателікпен жүзеге асырылғаны және/немесе Қызмет көрсетушінің пайдасына санкцияланбаған төлем анықталған жағдайда, аталған қателікті жою мақсатында Қызмет көрсетушінің тиісті тапсырмасынсыз, болашақта жеке тұлғалардан түсетін төлемдерден осындай сомаларды ұстап қалуға, бұған Қызмет көрсетуші өзінің сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін береді;

3.4.2. Шарт бойынша Қызмет көрсетуші Банк алдындағы ақшалай міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген тәсілмен Қызмет көрсетушінің Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде банктерде және/немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған кез келген банктік шоттарынан ақшаны алып қоюға құқылы, бұған Қызмет көрсетуші өзінің сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін береді.

Клиенттің банктерде және/немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банктік шоттарында ақша болмаған, оларға тыйым салынған не шығыс операциялары тоқтатыла тұрған және/немесе Қызмет көрсетушінің Банк алдындағы туындаған берешек сомасын өзге тәсілмен 3 (үш) күнтізбелік айдан астам уақыт бойы төлемеген жағдайда, Банк Қызмет көрсетуші берешек сомасын толық өтегенге дейін төлемдерді қабылдау бойынша қызметтер көрсетуді біржақты тәртіппен тоқтата тұруға құқылы;

3.4.3. Қызмет көрсетушінің үнсіздігімен білдірілген ерік білдіруі негізінде Шартқа және Банктің Тарифтеріне біржақты тәртіппен өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілетіні туралы ақпаратты Банктің www.bankffin.kz мекенжайы бойынша Интернет-ресурсында, Банктің филиалдарының операциялық залдарында және олардың қосымша үй-жайларында шолып көруге қолжетімді жерде осындай өзгерістер және/немесе толықтырулар қолданысқа енгізілетін күнге дейін кемінде бір ай бұрын орналастыру арқылы аталған өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге құқылы. Банк осы тармаққа сәйкес өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілгені туралы хабарламаны жариялаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қызмет көрсетушінің Шартқа, оның ішінде Шарт бойынша көрсетілетін қызметтердің Тарифтеріне өзгерістерді және/немесе толықтыруларды қабылдамағаны туралы жазбаша өтінішті ұсынбауы оның ерік білдіруі болып табылады және Қызмет көрсетушінің осындай өзгерістермен және/немесе толықтырулармен келісетінін білдіреді;

3.4.4. Қызмет көрсетушіден (оның өкілінен) Қызмет көрсетушіні (оның өкілін) тиісінше тексеру және сәйкестендіру, бенефициарлық меншік иесін анықтау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды, сондай-ақ салықтық резиденттігі, қызмет түрі туралы мәліметтерді ұсынуды талап етуге;

3.4.5. Қызмет көрсетушіден Қазақстан Республикасының валюталық және өзге заңнамасында, соның ішінде КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ саласында көзделген құжаттар мен ақпаратты ұсынуды талап етуге;

3.4.6. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, « Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда, сондай-ақ халықаралық шарттардың талаптары, соның ішінде FATF және БҰҰ ҚК санкциялық бағдарламаларға қатысты талаптары негізінде Шарт бойынша операцияны жүргізуден бас тартуға;

3.4.7. Тыйым салынған тауарларды (қызметтерді) іске асыруға байланысты Қызмет көрсетушінің алаяқтық фактілеріне немесе өзге заңсыз әрекеттеріне қатысты болжамдар болған жағдайда, осы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын тоқтата тұруға құқылы. Осындай

тоқтата тұру осы Шартты бұзу болып табылмайды және Банктің Қызмет көрсетуші алдында жауапкершілігінің туындауына негіз болмайды;
3.4.8. ақша жөнелтуші немесе бенефициар туралы ақпарат ҚР ҰБ Антифрод-орталығының дерекқорындағы ақпаратпен сәйкес келген жағдайда, өкімнің орындалуын тоқтата тұруға және (немесе) ақша сомасын бұғаттауға;
3.4.9. келесі жағдайларда Қызмет көрсетушімен іскерлік қатынастарды біржақты тәртіппен тоқтатуға (осы Шартты орындаудан бас тартуға):
- күнтізбелік 1 (бір) жыл ішінде Қызмет көрсетушінің пайдасына төлемдер болмағанда;
- Банкте іскерлік қатынастарды Қызмет көрсетушінің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында пайдаланып отырғанына қатысты күдік туындағанда;
- Қызмет көрсетушіге (оның бенефициарлық меншік иесіне), оның үлестес тұлғаларына кез келген елдің (Еуропалық одақтың, АҚШ-тың, Ұлыбританияның және басқа елдердің) юрисдикциясына немесе мемлекеттік және/немесе халықаралық ұйымның (оның ішінде OFAC, OFSI, ECFR, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі, FATF-тың, бірақ олармен шектелмей) юрисдикциясына сәйкес енгізілген санкциялар болғанда;
- Қызмет көрсетуші Банкке дәйексіз, дұрыс емес, бұрмаланған, қарама-қайшы, толық емес ақпарат ұсынғанда, оның ішінде Банк Қызмет көрсетушіге қызметтер көрсетуі және өзге мақсаттар үшін Қызмет көрсетушінің Банкті және оның қызметкерлерін қасақана жаңылыстыруға бағытталған әрекеттері, жалған құжаттар мен мәліметтерді ұсынғанда;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамада, Банктің қаржы нарығындағы қызметіне әсер ететін шет мемлекеттердің заңнамасында және/немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген негіздер бойынша;
3.4.10. Шартты орындаудан (толық) бас тарту туралы хабарламаны (Банк өз қалауы бойынша) электрондық нысанда немесе пошта арқылы Қызмет көрсетушінің Қосылу туралы өтініште көрсетілген мекенжайына тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жіберуге құқылы. Шарт хабарламада көрсетілген күннен бастап бұзылды деп есептеледі, бұл ретте Тараптар арасында қандай да бір келісімдер жасасу талап етілмейді.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.
4.2. Банк Қызмет көрсетушінің пайдасына ақшаны қолма-қол ақшасыз тәсілмен қабылдаған кезде жеке тұлға беретін ақпараттың мазмұны үшін жауап бермейді және төлемдерді қабылдау нәтижесінде Банктің кінәсінен болмаған себептер бойынша Қызмет көрсетушіге келтірілген залал үшін жауапты болмайды.
4.3. Банк ақша жөнелтуші – жеке тұлға мен Қызмет көрсетуші арасында туындайтын барлық дау мен келіспеушілікке жауапты болмайды.
4.4. Егер Банк пен Қызмет көрсетуші еңсерілмейтін күш мән-жайларының, соның ішінде өрт, жер сілкінісі, электр энергиясын берудегі іркілістер, авариялар, жаппай тәртіпсіздіктер, ереуілдер, әскери іс-қимылдар, Шартта көрсетілген қызмет түрлеріне тікелей немесе жанама түрде тыйым салатын, Тараптардың Шарт бойынша өз функцияларын жүзеге асыруына кедергі келтіретін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің, мемлекеттік органдар қаулылары мен өкімдерінің күшіне енуі және Тараптардың бақылауынан тыс өзге де мән-жайлардың салдарынан міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.
4.5. Егер Қызмет көрсетушінің пайдасына ақша аударудың кешігуі электр энергиясының, телефон байланысының немесе интернет байланысының уақытша болмауы салдарынан орын алған жағдайда, Банк осы Шарттың талаптарын бұзғаны үшін жауапты болмайды.

4.6. Қызмет көрсетуші осы Шарттың 3.1-тармағының 3.1.5-тармақшасында көзделген тәртіппен деректемелерінің өзгергені туралы хабарламаған жағдайда, Банк Шарт талаптарының орындалмағаны үшін жауапты болмайды.
4.7. Қызмет көрсетушінің немесе үшінші тұлғалардың түсініксіз, толық емес немесе дәл емес нұсқаулықтарының салдарынан және Банктің кінәсіне байланысты емес өзге себептер бойынша туындаған Шарт бойынша міндеттемелердің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін Банк Қызмет көрсетуші алдында жауапты болмайды.
4.8. . Банк Қызмет көрсетушінің пайдасына жеке тұлғалардан қабылданған төлемдерді қабылдау және аудару жөніндегі операцияларды уақытша тоқтату нәтижесінде Қызмет көрсетушіге келтірілген залал үшін, егер аударуды/төлемді Банк алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларын және/немесе құқыққа қарсы инциденттерді және/немесе заңсыз деп танылатын және (немесе) тыйым салынған өзге төлем транзакцияларын жасады деп күдіктенетін және/немесе ҚР ҰБ Антифрод-орталығының деректер базасына енгізілген жеке тұлға жүзеге асырған жағдайда, жауапкершілік алмайды
4.9. Қызмет көрсетушінің банктік шотының компрометациялануы нәтижесінде Қызмет көрсетушіге келтірілген залал үшін Банк жауапты болмайды.
4.10. Қызмет көрсетуші банктік шотқа, төлем құралына немесе сәйкестендіру құралына қол жеткізу мүмкіндігін үшінші тұлғаға заңсыз ұсынғаны, бергені, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын заңсыз жүзеге асырғаны үшін жауапты болады.

5. Дауларды шешу тәртібі

5.1. Тараптар осы Шарт бойынша туындаған дауларды келіссөздер жүргізу немесе наразылық жіберу арқылы шешуге міндеттенеді. Наразылықты қарау мерзімі оны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнін құрайды.
5.2. Келіссөздер жүргізу арқылы келісімге қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, дау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Банктің немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша (Банктің таңдауы бойынша) сотта қаралуға жатады.

6. Шарттың қолданыс мерзімі

6.1. Қызмет көрсетуші қол қойған Қосылу туралы өтінішті Банк қабылдаған сәттен бастап осы Шарт күшіне енеді және мерзімсіз қолданылады.
6.2. Тараптардың әрқайсысы осы Шарт бұзылатын болжамды күнге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын өзінің ниеті туралы қолжетімді байланыс құралдары арқылы екінші Тарапқа алдын ала жазбаша хабарлау және екінші Тарап алдындағы өз міндеттемелерін орындау жолымен Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

7. Құпиялылық

7.1. Тараптардың Шартқа байланысты бір-біріне беретін кез келген ақпараты құпия ақпарат болып табылады және егер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарынан немесе Шарт талаптарынан өзгеше туындамаса, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға жария етілмейді.
7.2. Құпиялылық Қызмет көрсетушінің кінәсінен бұзылған немесе құпия ақпарат үшінші тұлғаларға өзге де көздерден белгілі болған не белгілі болып қалған жағдайда, Банк жауапты болмайды.
7.3. Қызмет көрсетуші Қосылу туралы өтінішті бере отырып, Шартта көзделген операцияларды жүзеге асыру мақсатында Банктің Қазақстан Республикасы заңнамасының ережесіне, ақпаратты ашудың оларда белгіленген деңгейін сақтаудың қажеттілігін айқындайтын Банктің ішкі құжаттарына сәйкес кез келген ақпаратты жария етуді талап етуге құқылы екендігімен келіседі, ал Қызмет көрсетуші Банктің алғашқы талап етуі бойынша Банк белгілеген мерзімдерде кез келген ақпаратты ұсынуға міндеттенеді.

8. Қосымша шарттар

8.1. Осы Шарт оның нысанасына қатысты Тараптардың толық келісімін білдіреді және Тараптар арасында Шарттың талаптарына қатысты бұрын жасалған барлық жазбаша немесе ауызша келісім мен уағдаластықтың күшін жояды.

8.2. Шарт Тараптар, олардың құқықтық мирасқорлары және уәкілетті өкілдері үшін міндетті болып табылады.

8.3. Егер Шарттың қандай да бір ережесі күшін жойса, жарамсыз немесе заңсыз болып қалса, бұл Шарттың қалған ережесінің жарамдылығы мен заңдылығына қандай да бір түрде әсер етпеуге немесе оларды әлсіретпеуге тиіс. Мұндай жағдайларда Тараптар жарамсыз ережені жаңа заңдық күші бар ережемен ауыстыру үшін бар күш-жігерін салады.

8.4. Қызмет көрсетуші Қосылу туралы өтінішті бере отырып, келесіні растайды:

а) Қызмет көрсетуші ұсынған, Шартты жасау және орындау мақсатында ұсынылған барлық ақпарат шынайы, толық және дәл болып табылады/ болады;

б) Шартты жасау Қызмет көрсетуші тарапы болып табылатын кез келген шарттарға, оның құрылтай құжаттарына, сондай-ақ Қызмет көрсетуші сақтауға міндетті немесе оған қолданылатын кез келген өзге талаптарға, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына және Клиент резиденті болып табылатын елдің заңнамасына қайшы келмейді және қайшы келмейтін болады;

в) Қызмет көрсетуші өзінің резиденттік елінің заңнамасына сәйкес тиісті түрде құрылған және тіркелген;

г) Қызмет көрсетушінің және оның Өкілдерінің, уәкілетті тұлғаларының Шартты жасау және орындау үшін тиісті корпоративтік органдардан/мемлекеттік органдардан алынған барлық қажетті құқығы мен өкілеттігі бар;

д) Қызмет көрсетуші Қазақстан Республикасының заңнамасында қаржылық қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне қатысты көзделген барлық талапты орындайды және орындайтын болады, соның ішінде, егер Қызмет көрсетуші табиғи монополия субъектісі, мемлекеттік сатып алу субъектісі болып табылса немесе оған қаржылық қызметтерді сатып алу тәртібі мен талаптарын айқындайтын өзге талаптар қолданылатын болса, қызмет көрсетуші ретінде Банкті таңдау бойынша барлық қажетті рәсімді жүргізген.

8.5. Қызмет көрсетуші Банктің ақшаны жылыстату, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру, терроризм, жаппай қырып-жою қаруын тарату, алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және т.б. сияқты қылмыстық әрекеттер мен схемаларға Банктің тартылу жағдайларының алдын алу бойынша белсенді жұмыс жүргізетінін мойындайды және онымен келіседі. Банк қызметінің стандарттары Банктің беделін сақтау мен қорғауға, сондай-ақ клиенттердің Банктің адалдығына деген сеніміне қандай да бір жолмен нұқсан келтірмеуге бағытталған. Осыған байланысты Банк өз қалауы бойынша Банктің клиенттеріне және Банктің клиенттері жасайтын мәмілелер мен операцияларға қатысты белгілі бір талаптарды белгілейді, олар мезгіл-мезгіл өзгертілуі мүмкін. Осылайша, Банк Банктің белгілі бір клиентін не Банктің Қызмет көрсетуші белгілі бір мәмілесін немесе операциясын әдеттен тыс/күдікті клиенттер және (немесе) мәмілелер санатына жатқызуға мүмкіндік беретін өлшемшарттарды белгілеуі мүмкін.

8.6. Осы арқылы Қызмет көрсетуші Шарт бойынша Қызмет көрсетуші Банкке берген және болашақта беруге жататын дербес деректер субъектілерінің (уәкілетті тұлғалар мен өкілдердің) дербес деректеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес осындай дербес деректерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындайтын өзге жағдайларда, Қызмет көрсетуші өзі ұсынған дербес деректер субъектілерінен дербес деректерді жинауға және өңдеуге, оларды Банкке, Банктің үлестес тұлғаларына, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беруге, соның ішінде трансшекаралық беруге, берілетін дербес деректердің қорғалуын тиісті шет мемлекет қамтамасыз ететініне қарамастан, егер мұндай беруге Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаса немесе шектеу қойылмаса, алдын ала келісім алғанын растайды.

Банк айқындайтын қажеттілік туындаған жағдайда, Қызмет көрсетуші Банкке дербес деректер

субъектілерінен Қызмет көрсетуші жинаған дербес деректерді жинауға және өңдеуге, оларды Банкке, Банктің үлестес тұлғаларына, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беруге, оның ішінде трансшекаралық беруге келісімдердің алынғанын растайтын құжаттарды ұсынады.
Жоғарыда көрсетілген келісімдердің болмағаны үшін жауапкершілік Қызмет көрсетушіге жүктеледі. Дербес деректер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін Банкке қандай да бір шаралар қолданылған жағдайда, Қызмет көрсетуші Банктің талап етуі бойынша Банк көтерген кез келген шығыс пен залалды өтеуге міндеттенеді.
8.7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескерту:
8.7.1. Тараптар осы арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл жөніндегі қолданыстағы заңнама нормаларын (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалар) сақтайтынына және сақтауға міндеттенетініне сендіреді және кепілдік береді.
8.7.2. Тараптар осы Шарт/Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларға қайшы келетін қандай да бір әрекеттерді жасамайды (әрекетсіздікке жол бермейді) және өздерінің еншілес, тәуелді және үлестес ұйымдарының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларды сақтауын қамтамасыз ету үшін заңнамада көзделген барлық қажетті және рұқсат етілген шараны қабылдайды, оның ішінде қандай да бір коммерциялық артықшылықтарға қол жеткізу немесе өзге де құқыққа қайшы мақсатта олардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін қандай да бір тұлғалардың пайдасына немесе олардан тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалар арқылы кез келген нысанда (оның ішінде кез келген валютадағы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз қаражат, өзге де құндылықтар, мүлік, мүліктік құқықтар немесе өзге де материалдық және/немесе материалдық емес игіліктер түрінде) пара ұсынудан, уәде етуден, беруден, бопсалаудан, сұраудан, алуға келісім беруден және алудан бас тартады.
8.7.3. Тараптардың бірінде екінші Тараптың осы Шарттың/Келісімнің қандай да бір ережесін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екендігі туралы негізді күдік туындаған жағдайда, мұндай Тарап екінші Тарапқа бұзушылық фактісін жоққа шығаратын немесе растайтын түсініктемелер мен ақпаратты (құжаттарды) ұсыну туралы талаппен сұрау салуға құқылы.
8.8. Осы Шарт заң күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде түпнұсқа даналарда жасалды. Мәтіндерде әртүрлі оқылғанда немесе түсіндірген кезде орыс тіліндегі нұсқа басым күшке ие болады.
8.9. Осы Шартта көзделмеген барлық өзге мәселе бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.
8.10. Шарттың талаптарына сәйкес жіберілуге жататын барлық хабарлама, егер Шартта өзгеше көзделмесе, Банк тарапынан келесі тәсілдердің кез келгенімен: пошта арқылы/факс арқылы/электрондық мекенжайға/«Интернет-Банкинг» жүйесі арқылы/Қызмет көрсетушінің Банкке қосылу туралы өтінішінде көрсетілген Клиенттің ұялы телефон нөміріне SMS-хабарлама жіберу арқылы/Банктің Интернет-ресурсында ақпарат орналастыру арқылы/Банктің филиалдарының операциялық залдарында және олардың қосымша үй-жайларында ақпарат орналастыру арқылы жіберіледі.

9. Банктің мекенжайлары мен деректемелері

Банк: «Фридом Банк Қазақстан» акционерлік қоғамы
БСН 090740019001
Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050000 (A05E8Y2), Алматы қ., Алмалы ауданы, Құрманғазы көшесі, 61А үй.
Тел.: +7 (727) 2 595 595.
Банктік деректемелері:
БСК KSNVKZKA
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі РММ-дегі корреспонденттік шоты KZ23125KZT1001300883, Алматы қ., БеК 14

ТӨЛЕМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ
БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖАРИЯ ШАРТЫНА
№1-қосымша

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУШІ ПАЙДАСЫНА ТӨЛЕМДЕР ҚАБЫЛДАУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖАРИЯ ШАРТЫНА ҚОСЫЛУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес, Қызмет көрсетуші осы Қосылу туралы өтініш арқылы Банктің Интернет-ресурсында (www.bankffin.kz) орналастырылған Төлемдерді қабылдау бойынша қызмет көрсету жария шартына (бұдан әрі – Шарт) қол қойылған күнгі редакциясында оның талаптарын қабылдайды және келесіні растайды:
1) Қызмет көрсетуші Шартты толық көлемде оқып шықты және қабылдады, ешқандай ескертулер мен қарсылықтар жоқ, сондай-ақ Қызмет көрсетушінің ақылға қонымды түсінілетін мүдделерін негізге ала отырып, ол қабылдамайтын, Қызмет көрсетуші үшін қандай да бір ауыртпалық түсіретін талаптарды қамтымайды;
2) Қосылу туралы өтініш Шартпен жиынтығында Төлемдерді қабылдау бойынша қызмет көрсету үлгілік шарты болып табылады;
3) Банктің www.bankffin.kz Интернет-ресурсында енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ескере отырып Шартты жаңа редакцияда орналастыру арқылы «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-тың (бұдан әрі – Банк) Шартқа біржақты тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізуіне келіседі;
4) Банктің Тарифтеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілуіне, мұндай өзгерістер және/немесе толықтырулар қолданысқа енгізілетін күнге дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, Банктің www.bankffin.kz мекенжайы бойынша Интернет-ресурсында және Банк филиалдарының операциялық залдарында және олардың қосымша үй-жайларында көруге қолжетімді жерде ақпарат орналастыру арқылы біржақты тәртіппен енгізілуіне келіседі;
5) Банкте Қосылу туралы өтініш болған жағдайда, Шартта уәкілетті тұлғалардың қолтаңбаларының және мөрінің (болған жағдайда) болмауына сілтеме жасап, мұны Қызмет көрсетушінің Шартты оқымағанын/қабылдамағанын дәлелдеу ретінде пайдалануға құқылы емес;
6) Банк Шарт бойынша банктік қызметтерді көрсету тарифтері мен талаптары, Шарт жасасу үшін қажетті құжаттар тізбесі, сондай-ақ Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда туындайтын жауапкершілік пен ықтимал тәуекел туралы толық ақпарат ұсынды;
7) Қызмет көрсетуші Қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы Банк бекіткен «Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім» нысанымен (бұдан әрі – Келісім) танысып шыққанын, оның мазмұнына сәйкес Қосылу туралы өтінішке қол қоятын Клиенттің уәкілетті тұлғасының дербес деректерін Банктің жинауына және өңдеуіне келісім беретінін, сондай-ақ аталған Келісімге толық көлемде қосылатынын растайды.

Қызмет көрсетушінің Қосылу туралы өтінішке қол қоюы келесіні куәландырады:
- Қызмет көрсетуші Шартты толық көлемде, ешқандай ескертулер мен қарсылықсыз оқып шықты, түсінді және қабылдады;
- Шартта Қызмет көрсетушінің ақылға қонымды түсінілетін мүдделерін негізге ала отырып, ол қабылдамайтын, Клиент үшін қандай да бір ауыртпалық түсіретін талаптар жоқ;
- Егер Банкте Қызмет көрсетуші қол қойған Шартқа қосылу туралы өтініш болса, Қызмет көрсетуші Шартта өзінің қолының жоқтығын Шартты оқып шықпағанының/түсінбегенінің/қабылдамағанының дәлелі ретінде алға тартуға құқылы емес;
- Қызмет көрсетуші Шартта көзделген Қызмет көрсетушінің пайдасына жеке тұлғалардан төлемдерді қабылдау және аудару бойынша қызмет көрсетудің барлық талабымен келіседі.

• Шарттың барлық ережесі Қызмет көрсетушінің мүдделері мен ерік білдіруіне толық сәйкес келеді;
• Қызмет көрсетуші Шартты жасау, сондай-ақ Банкте ағымдағы шот ашу үшін қажетті барлық рәсімді сақтаған;
• Шарт жасасу және оның талаптарын орындау Қызмет көрсетушінің құрылтай және өзге құжаттарын және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасының кез келген ережесін және (немесе) Клиентке қолданылатын заңнаманы бұзбайды әрі олардың бұзылуына әкеп соқпайды.

Қызмет көрсетушінің атауы	
ЖСН/ БСН	
Қызмет көрсетушінің Банк қабылдаған жеке тұлғалардың төлемдерін аударуға арналған ЖСК деректемелері.	
Электрондық пошта*	
Төлем мақсаты*	
ТМК*	
Банк қабылдаған жеке тұлғалардың төлемдерін аудару кезеңділігі.	Әр төлем бөлек _____ Күн сайын жиынтық төлеммен _____
Қызмет саласы	
Қаласы	
Күні	
Қызмет көрсетушінің мекенжайы: _____ Қызмет көрсетушінің деректемелері: _____ Қызмет көрсетушінің уәкілетті тұлғасы_____ (қолы) аты-жөні	

Осы құжатқа _____ (код нөмірі) динамикалық бір реттік кодын пайдалану арқылы қол қойылды, аталған код Клиенттің телефон нөміріне жіберілді (күні ___, уақыты ___, уақыт белдеуі (UTC+6)) / Клиенттің ЭЦҚ-сымен қол қойылды (күні _____, уақыты _____).[1]

«» белгісімен белгіленген өрістер тиісті мәліметтер болған жағдайда толтырылады.*

[1] Клиенттің Қосылу туралы өтінішке динамикалық бір реттік кодты немесе ЭЦҚ-ны пайдалана отырып қол қоюы жағдайында көрсетіледі